

ЖШС «Ажар Ана-2017» бөбекжай балабақшасы

Баяндама

Дайындаған: Саметова Сания

2021-2022 оқу жылы

Балалардың психологиялық саулығы-балабақшаның басты міндеті

Психологиялық дені сау тұлға дегеніміз-ол шығармашыл,өмірге күштар, ашық көңілді,өзін және қоршаған ортасын тани білетін,түсіне білетін, жауапкершілікті түсіне білетін,өзінің сезімін бөлісе алатын,жауапкершілікті ала-алатын,өмірді мағыналы жасай білетін тұлға.Ол үнемі даму үстінде болады.Оны дамытатын отбасы және балабақшаның міндеті.

Бүгінгі баяндаманың мақсаты:балаларға балабақшада психологиялық жайлылық сыйлау,балалардың психологиялық денсаулығын арттыру және сақтау ұстанымдарын қалыптастыру.

Психологиялық денсаулықтың деңгейлері:креативті,адаптивті,дезадаптивті болып үшке бөлінеді.

Креативті(жоғары) ортаға жеңіл бейімделетін,стресстік күйлерден өтуге күші жететін,шынайылыққа шығармашылықпен келетін бала.Мұндай бала психологиялық көмекті қажет етпейді.

Адаптивті(орташа) көпшілік ортаға жеңіл бейімделе алатын,бірақ мазасыздығы басым балалар.

Деадаптивті(төмен) ортаға өздерінің жағымсыз қылықтарымен бағындыруға тырысатын балалар.Мұндай балдар үнемі жеке жұмысты қажет етеді.

Психологиялық денсаулықты сақтаудың және қалыптастырудың шарты:

Психологиялық жайлылық-бұл сыртқы және ішкі ортаның жағдайы.Яғни сыртқы дегеніміз-қоршаған ортасы, ал ішкі орта- балабақша мен отбасы.

Психологиялық жағдайды қалыптастыру үшін ойындар мен жаттығулар, жағымды әуен,сурет салу,қуыршақ театры,ертегі әңгімелер,тыныс алу және түрлі гимнастикалар зор әсерін тигізеді.

Психологиялық көңіл-күйді қалыптастыру мақсатында ең алдымен балаларға көңілді әнмен сергіту сәтін ұйымдастырдым.



Сергіту сәті арқылы балалардың психологиялық көңіл-күйі көтеріліп, психологиялық жайлылықты сезінеді.

Балалардың ішіндегі қорқынышты жену үшін «Қорқынышты шығару» жаттығуын жасаттым.

Бұл жаттығуда балалар өздерінің қорқыныштарын әртүрлі жануарлардың дауысымен қорқыту арқылы сыртқа шығарады.





Сонымен қатар тыныс алу жаттығуы мен гимнастика жасаттым. Бұл жаттығулар да баланың көңіл-күйлерін көтеріп, психологиялық жайлылықты сездіруімен қоса баланың ойлау қабілеті мен түс ажырата алуын қабілетін дамытады.



«Куыршак»театры.

Бұл ойын баланың топта еркін сезінуіне,өзінің шығармашылық ойын шындауға,еркін сөйлеуге,эртистік өнерін көрсетуге ықпал жасайды.



Балаларда психологиялық жайлылықтың болмауының әсері корқынышка, мазасыздыққа,мінез-кұлкының бұзылуына,агрессияға ұшыратады.Психологиялық соккы алған бала физиологиялық тұрғыданда ауырады.Балалык шакта алған психологиялық жарақаттар ересек кезде де көрініс табады.Мысалы:кашкактау,тұйыктану,жағымсыз мінез-кұлык көрсету т.б.

Психологиялық жайлылық бұл отбасында отбасы мүшелері мен,балабакшада тәрбиешімен жылулық сакталған жағдайда бір-біріне деген жауапкершілікті сауатты жүргізген кезде орнайды.

Қорыта келгенде, психологиялық дені сау бала тәрбиелеуде көп нәрсе кажет:махаббат,жылу,талап қоя білу,жауапкершілік,төзімділік, сабырлык,бірақ барлығы бір деңгейде болуы шарт.Балалардың балабакшада өзін еркін,жайлы,өз үйіндей сезінуі бәрі тәрбиешілердің және біздің қолымызда.